

"Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 100 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

"Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 23-24, 128-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 5) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

37-тармакта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) қамаққа алынған, түрмеге қамалған, күзетке алынған немесе ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты, сондай-ақ консулдық округ аумағында хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасының азаматтарын іздестіру шараларын қабылдау;";

мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) заңдық мәні бар өзге де құжаттар (анықтамалар) беру жатады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым алынады.";

48-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасына өз еркімен қоныс аударуға ниет білдірген этникалық қазақтарға келу, оның ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келу шарттары, қабылдау шарттары мен әлеуметтік қолдау шаралары туралы ақпарат береді";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Болу мемлекетінде қыын жағдайға, оның ішінде форс-мажор жағдайлары салдарынан қыын жағдайға ұшыраған Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мұдделерін қорғау, сондай-ақ қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты шаралар қабылдау бойынша іс-шараларды іске асыру бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Токаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК